

AQTOGAI AJARY

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

№27 (7916)

Жұма
30 маусым
2023 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан
shygyady

@ aktogai_red@mail.ru

f www.facebook.com/a.ajary.kz

Құрметті Ақтоғай ауданының тұрғындары!


Баршаныңды Ұлттық домбыра күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл – еліміз үшін ерекше мейрам. Оны ел болып атап өту арқылы халқымыздың рухын көтеріп, танымын арттырамыз. Сондай-ақ, ұлы дала дәстүрлерін жас ұрпақтың санасына сіңіріп, төл өнеріміздің күдіретін танытамыз. Қазақтың қара домбырасы – ұлтымыздың бойтұмары. Оның үні әрқайсысымыздың жүрегімізге жақын. Өйткені, қазақ пен домбыра – бір-бірінен бөліп қарауға болмайтын егіз ұғым.

«Домбыра – көшпелі елдің көнекөз шежіресі» деп бекер айтаған. Қастерлі аспаптың қос ішегіне халқымыздың бүкіл болмысы сыйып тұр. Сонау Кетбұғадан бері жалғасып келе жатқан дәулескер күйшілеріміздің мол мұрасы – баға жетпес рухани байлығымыз. Өркениетті ел болу үшін жана дәуірдің жақсы үрдістерін бойға сіңіру жеткіліксіз. Сонымен бірге, салтымызды сақтап, еңбекқорлық құндылықтарын кенінен дәріптеп, бабалар жолын берік ұстанамыз.

Аудан әкімі
Р.Кәжібеков

Аудандық мәслихат
торағасы Р.Әбуев



Түркістан төрінде өткен Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» тақырыбына арналды. Жиында Қасым-Жомарт Тоқаев жиналған

Отанға, отбасына адалдық – парасаттылық пен адамгершіліктің белгісі. Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады. Ұлы Абай «Адал еңбекпен мал іздемек – арлы адамның ісі» деген. Ал, арлы адам әділетсіздік жасамайды. Әр салада адалдық басты орында тұрса, әділ қоғам орнайды. Жемқорлыққа жол берілмейді, ел мүддесіне сай шешім қабылданады. Бір сөзбен айтсақ, қоғамдағы ізгіліктің бәрі адалдықтан бастау алады. Ендеше,

Адал еңбекпен мал іздемек – арлы адамның ісі

қауым алдында сөз сөйлеп, ел дамуының бағыт-бағдарын айқындайтын ой-толғамдары мен ұсыныстарын ортаға салды.

Президенттің айтуынша, Әділетті Қазақстанды құру министрлер мен әкімдердің ғана міндеті емес. Оған бүкіл қоғам болып жұмылу керек. Ал, түпкі мақсатқа жету үшін саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажет. Халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс. Өйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер.

Президент отаншылдық, адамгершілік, білімпаздық, нағыз маман болу, үнемшілдік, еңбекқорлық, ел мен жерге жанапшырлық сияқты асыл қасиеттер бәрінен биік тұруға тиіс екенін айтты.

– Осындай ізгі қасиеттің бәрін бойына сіңірген жанды Адал азамат деген бір ауыз сөзбен сипаттауға болады. Шын мәнінде, біз айтып жүрген Әділетті Қазақстанды Адал азаматтар құрады. Бұл – бір-бірімен өте тығыз байланысты ұғымдар.

Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары ел тірегі болатын егіз құндылық ретінде әрдайым қатар тұруға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы ұлттық бірегейлігімізді нығайтып, еліміздің жаңа құндылықтарын орнықтыру үшін жүйелі жұмыс жүргізуге тиіс екеніне назар аударып, осы жұмыстың нақты бағыттарына тоқталды. Атап айтқанда, Президент мемлекеттік нышандарды жетілдіру; ұлтымыздың тарихи сана-сезімін жаңғырту; мәдени мұрамызды жан-жақты дәріптеу; өскелең ұрпақтың тәрбиесіне мән беру; ақпарат саясатының тиімділігін арттырып, креативті индустрияны дамыту; мемлекеттік саясатта талдау, сараптама жасау қызметін сапалы жүргізу; шекаралас аймақтарды дамыту; мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөнінде маңызды мәселелерді қозғап, тың бастамалар ұсынды.

Н.Омарбеков,
аудандық мәслихаттың депутаты.

Қуаң, ағайын!

«АЛТЫН СҰҢҚАР» – БІЗДІҢ ҰЖЫМДА

Аудан халқының «көзі, құлағы һәм тілі» бола білген басылымның мерейі үстем. «Ақтоғай аяру» газеті облыс әкімінің жылы сайынғы «Алтын сұңқар» сыйлығының бас аталымында жеңімпаз атанды.



Жыл сайын Қарағанды облысында бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында «Алтын сұңқар» облыстық байқауы дәстүрлі негізде өтетіні белгілі. Биыл да қолына қалам қармаған журналистік жолдағы барлық өкілдер байқауға қатысуға мүмкіндік алды. «Қарағанды журналистикасының дамуына қосқан үлесі үшін» деген облыс әкімінің арнайы сыйлығы биыл 85 жылдық тарихы бар Ақтоғай аудандық «Ақтоғай аяру» газетінің ұжымына бұйырды.

Салтанатты шарада облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев сөз алып, БАҚ қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтады:

– Қадірменді ардагер журналистер мен ақпарат саласының өкілдері! Бүгінгі таңда қоғамға шынайы ақпарат ұсына білу, әлеуметтің көкейіндегі мәселелерді билік тарапына ұғынықты жеткізе білу қастерлі борыш. Ел тынысын тамыршыдай тап басып, түрлі деңгейлерде жеткізуде сіздердің еңбектеріңіз атап өтуге тұрарлық. Сіздер ұсынған ақпарат біздің дер шағында дұрыс шешім қабылдауымызға өлшеусіз септігін тигізеді. Шынымды айтсам, әр күніміз жаңалық оқумен басталып, мәлімет саралаумен тәмамдалып жатады. Осы мерейлі сәтті пайдалана тұрып, өзіміз және облыс әкімдігінің атынан риясыз рахметімді жеткізім келеді. Біз әрдайым ашықпыз. Кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын, әріптестер! – деп атап өтті облыс әкімі.

Салтанатты шарадан көңілім марқайып, қанаттанып, шабытым шарықтап қайтқан сезімді жеткізе алар емеспін. Олай болмағанда ше, Ақтоғай аудандық газе-

тінің қоржынында бұл – жетінші «Алтын сұңқар». 85 жылдық тарихы бар аудандық газет үшін бұл таудай жетістік, үлкен мәртебе, зор сәнім. Бұл осыған дейінгі газет ұжымында қызмет атқарған барша әріптестерімнің қажырлы еңбегі.

Ал бүгінгі бас жүлдеге дейін «Ауыл тақырыбын үздік жариялағаны үшін» номинациясы бойынша ардагер журналист Сәбила Нұржанова, «ҚР Ақпарат саласының үздігі» Гүлнар Метайқызы, бүгінгі жауапты хатшы, ҚР Журналистер одағының мүшесі Думан Қабыл «Еңбек адамы» номинациясы бойынша ҚР Жазушылар одағының мүшесі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Мүсіркеп Әлімжанов, «Мәнер мен атқарымдылық үшін» номинациясы бойынша қырық жылдық еңбек өтілдері бар әріптестерім Дәния Тәжібаева және Әлия Ибраевалардың қоржынындағы облыс басшылығы табыстаған «Алтын сұңқар» сыйлығының да зор сәнімі тұр. «Арқалағаны – алтын, жегені – жантақ» журналист қауымының еңбегі сағатпен саналмайды, уақытпен өлшенбейді. Күн-түнге қарамай түрлі мамандық иелерімен жұмыс жасайды. Қажымайды, талмайды. Әрбір ұжымдағы әріптесім өз мамандығының шебері.

Құрметті ардагерлер, әріптестер, аудандық газет оқырмандары, газет демеушілері, барлықтарыңызды аудан айнасының құрылтайшысы ретінде аудандық газет ұжымының бас жүлде алуымен шын жүректен құттықтаймын. Отбастарыңызға амандық, зор денсаулық, шығармашылық табыстар тілеймін.

Г.Елүсізова.

**Ақтоғай аудандық мәслихаты
Шешім**

2023 жылғы 27 маусымдағы №49 Ақтоғай ауылы

Ақтоғай ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

«Салық және бюджетке төлеуін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Ақтоғай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Ақтоғай ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзін ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшерін салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4%-дан 2%-ға төмендетілісін.

2. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Аудандық мәслихат төрағасы Р.Абеуов.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 29.06.2023
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6455-09 болып енгізілді.

**Актогайский районный маслихат
Решение**

от 27 июня 2023 года №49 село Актогай

О понижении размера ставки налогов при применении специального налогового режима розничного налога в Актогайском районе

В соответствии с пунктом 5 статьи 696-3 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс), Актогайский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Понизить размер ставки корпоративного или индивидуального подоходного налога, за исключением налогов, удерживаемых у источника выплаты, при применении специального налогового режима розничного налога в Актогайском районе с 4% на 2% по доходам, полученным (подлежащим получению) за налоговый период.

2. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2023 года и подлежит официальному опубликованию.

Председатель районного маслихата Р.Абеуов.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 29.06.2023
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6455-09 болып енгізілді.

Аудандық мәслихатта

Кезекті сессия болып өтті

Маусымның 27-сі күні аудандық мәслихаттың мәжіліс залында сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті алтыншы сессиясы болып өтті.

Жиын барысында күн тәртібіндегі мәселе «Аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарының өзіне жүктелген функционалдық міндеттерін орындауда атқарған жұмыстары туралы» аудан әкімінің орынбасары А.Аманжолов, «2022 жылға арналған аудан бюджетінің атқарылуы туралы есеп» бойынша аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы П.Темірбек және «Ақтоғай ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы» аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы С.Әубәкіров және «Ақтоғай ауданы, Нүркен ауылдық округі, Ақсәңгір, Жидебай ауылдары және Абай ауылдық округі, Ақшол елді мекендерін дамытудың жеңілдетілген схемаларын бекіту туралы» аудан әкімінің орынбасары С.Амралин баяндама жасады.

Көтерілген мәселелер бойынша тұлғалардың мәліметі тыңдалғаннан кейін тұрақты комиссия отырысында ұсынылған шешім жобалары бекітілді.

Тұрақты комиссияның біріккен мәжілісінің отырысы өтті

Маусым айының 27-ші жұлдызында аудандық мәслихаттың экономика, бюджет, экология, агроөнеркәсіп салалары мен кәсіпкерлікті дамыту және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мәселелері мен әлеуметтік саланы дамыту, жастар саясаты, заңдылық және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның біріккен мәжілісінің отырысы өтті.

Тұрақты комиссиялардың біріккен мәжілісіне Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасының міндетін атқарушы А.Таханов, аудан әкімінің орынбасары А.Аманжолов, аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы П.Темірбек және тұрақты комиссиялардың біріккен мәжілісінің күн тәртібінде қаралатын мәселелерге қатысты тиісті сала басшылары қатысты.

Тұрақты комиссияны аудандық мәслихат депутаты Т.Таукеев ашып, жүргізді. Жиын барысында бірінші кезекте «Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының 2022 жылғы Ақтоғай ауданының аудандық маңызы бар қала, ауыл кент, ауылдық округ бюджеттерінің атқарылуы туралы есебі» тыңдалды. Баяндаманы Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасының міндетін атқарушы Б.Таханов жасады. Ақпаратқа қанық болған депутаттар баяндамашыға бірнеше сауал жолдап, жауап алды. Бұдан кейін күн тәртібіндегі келесі мәселе «Аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарының өзіне жүктелген функционалдық міндеттерін орындауда атқарған жұмыстары туралы» аудан әкімінің орынбасары А.Аманжоловқа сөз кезегі берілді. А.Базылұлы аталған сала бойынша жыл басынан бері жүзеге асып келе жатқан жұмыстар жөнінде сандық көрсеткіштермен ақпарат беріп, алда тұрған жоспарларымен бөлісті. Жиынға әлеуметтік

салаға жататын барлық мекеме, бөлім басшылары қатысып, депутаттар тарапынан қойылған сауалдарға жеке-жеке жауап қайырды.

Бұдан кейін «2022 жылға арналған аудан бюджетінің атқарылуы туралы есеп» бойынша аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы П.Темірбек халық қалаулыларына ақпарат берді. Сол секілді «Қазақстан Республикасының «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңына сәйкес аудандық әскери есеп столының аудан көлемінде атқарылған жұмыстары туралы» аудандық есеп столының басшысы Е.Мұхамбек, «Ауданда өрт қауіпсіздігінің алдын алу және болдырмау бағытындағы атқарылған іс-шаралар мен міндеттер туралы» аудан әкімі аппаратының құжаттама және бақылау бөлімінің төтенше жағдайлар жөніндегі бас маманы Ж.Әзімбаев және Ақтоғай ауданының төтенше жағдайлар бөлімі басшысының міндетін атқарушы Е.Оңғарқұлов, сондай-ақ, «Ақтоғай ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы» аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы С.Әубәкіров және «Ақтоғай ауданы, Нүркен ауылдық округі, Ақсәңгір, Жидебай ауылдары және Абай ауылдық округі, Ақшол елді мекендерін дамытудың жеңілдетілген схемаларын бекіту туралы» аудан әкімінің орынбасары С.Амралин баяндама жасады. Баяндамашы тұлғаларға депутаттар көптің көкейінде жүрген сауалдарын қойып, тиісті жауаптарын ала алды.

Тұрақты комиссияның біріккен мәжілісінің соңында сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті алтыншы сессиясының күн тәртібі пысықталып, сессияның редакциялық комиссиясының құрамы бекітілді.

Е.Темірханұлы.

Қазақстан-2050: денсаулық стандарты

Ұлттық ойындардан сайыс өтті

Қасиетті Құрбан айт мерекесі күніне орай Шабанбай би ауылында мешіт ісамағаты мен ауыл жастарының ұйымдастыруымен спорттық іс-шара өтті.



Іс-шараны ашқан ауыл имамы Айдаржан Қасенов: «Құрметті шабанбайлықтар және ауыл қонақтары! Сіздерді қасиетті ұлық мереке Құрбан айтпен шын жүректен құттықтаймын. Бұл мереке – еліміздің береке-бірлігін бекемдейтін, қанағат пен қайырымдылықты арттыратын, әр адамның жүрегіне ізгіліктің дәнін себеді, – деп жиналған жұртшылықты мерекемен құттықтап, спорттық сайысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Жарысқа қатысушылар кір тасын көтеру, кермеге тартылу, жаяу жарыс (балалар арасында) және шағын футболдан сынға түсті. Сондай-ақ, мереке аясында жиналған балаларға балмұздақтар таратылды.

Сайыс қорытындысы бойынша футболдан «Ақсоран» командасы 1 орын жеңіп алса, «Жастар» және «Көктөңкөл» жұлделі екінші, үшінші орындарды өзара бөлісті. Жаяу жарыста Нұрислам Мейірбекұлы алдына қара салмаса, Нұрасыл Гаппарұлы екінші орын иеленіп, Диас Кенжетайұлы мөре сызығын үшінші болып қиды. Кермеге тартылу сайысы бойынша Жанасыл Кенжетайұлы – 1 орын, Жәнібек Қайырбекұлы – екінші орын, Ақжол Арнұрұлы үшінші орын иеленді.

Өз тілшімізден.

Қазақстан-2050: денсаулық стандарты

Қазақ халқының ұлттық ойындары ерекше сипатқа ие. Олар негізінен халықтың тұрмыс-тіршілігіне, күнкөріс шаруашылығына, ұлттық ерекшелігіне, табиғи орналасу жағдайына байланысты болып келеді. Сондықтан да, ұлттық ойындарымызда еңбекке баулу, елді қорғау, аңшылық көріністері айқын байқалады.

Қазақтың ұлттық спорт түрлері өте бай, олар сонау

аралығында аудан орталығында Ұлттық спорт түрлерінен облыстық фестиваль болып өтті. Аталмыш шараға облысымызға қарасты 5 аудан спортшылары қатысып, бақтарын сынға салды. Аймақтық дәрежеде өткен дүбірлі додаға аудан әкімі Р.Кенжебеков, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Т.Аблаев, облыстық мәслихат депутаты Е.Халилин және спорт

тәрдей аттарды тізгіндеп, әбден машықтанған екен. Бір-бір ауданның намысын арқалап келген азаматтар өздерінің оңай шағылатын жаңғақ емес екендерін көрсетіп, барын да, нарын да салды. Ұзақты күнге созылған сайыста жартылай финал және ақтық додаға түсетін командалар анықталып, кезек ұлттық аударыспақ жарысына берілді. 9 салмақ дәрежесі бойынша бақ сынаған білегі болаттай жігіттер

Ұлттық спорт ұлықталды

атам заманнан бері әлі күнге дейін құнын жоғалтпаған. Оларға көкпар, ләңгі, асық ату, күрес секілді ойын түрлері жатады.

Қазақ халқында ұлттық ойындардың ішінде



бірін-бірі ат үстінен жұлып алып, жерге табан тигізіп жатты. Ертеңгі күні жалғасын тапқан сайыс бірінші кезекте тағы да көкпар ойынымен басталды. Әуелгіде, Ақтоғай ауданы командасы мен Нұра ауданының командасы үшінші орынға таласып, өзара сайысты. Алайда, бір сағатқа



жетеқабыл созылған ойында аз ғана айырмашылықпен Нұра командасы жеңіске жетті. Бұдан кейін жеңістен үмітті Шет ауданы мен Қарқаралы командасының арасындағы додада бағы мен бабы қатар келген Шет командасы жеңімпаз атанды. Осылайша көкпар ойыны өз мәресіне жетті. Ұлы сәске уақытында теңге ілу, жамбы ату және аударыспақ сайыстары болып өтті. Теңге ілу бойынша Т.Серғазиев (Бұқар жырау ауданы) I орын, Д.Есмазхаев (Шет ауданы) II орын, Е. Өрікбек (Ақтоғай ауданы) III орынға табан тіреді.

Ал, жамбы ату сайысында Н.Тілеухан (Қарқаралы ауданы) I орын, Н.Оралхан (Ақтоғай ауданы) II орын, М.Оспанов

көкпардың алар орны ерекше. Көкпар әдетте ер балалардың физикалық шынығуына әсер етіп қана қоймай, олардың бойына жылдамдық, ұтқырлық, табандылық секілді қасиеттерді сіңіріп өсуіне жол ашады. Расында көшпенділердің өмір сүру салтында, жауынгерлік өнердің маңызы зор. Егер де ат үсті сайыста дайындықсыз сарбаз әлдеқандай жағдайға тап болуы мүмкін. Сол себепті, көкпар секілді ұлттық ойын түрлерін жетілдіру арқылы әсері-жауынгерлік дайындыққа мән берген. Ел ішінде «көкпар» сөзінің әуелгі атауы «көк бөрі» сөзінен шыққан. Мал баққан көшпелі халықтар көк бөріні соғып алып, оны ат үстінде жүріп бірінен-бірі ала қашып, сайысқан деседі. Кейін ол ұлттық ойынға айналған. Көкпар тек қазақтар емес, Орта Азия халықтары арасында да кең тараған ойын түрі.

Кейінгі жылдары елімізде ұлттық спорт түрлеріне баса мән беріліп, үкімет тарапынан үлкен қолдау тауып жатыр. Соның нәтижесінде Қазақстанның түкпір-түкпірінде ұлттық спорт түрлері біршама ілгерілеп, оған қызығушы жандардың қатары артып келеді. Сөзімізге бір ғана дәлел, өзге өңірлерді алмағанда өзіміздің ауданда бір ғана жыл ішінде ұлттық спорт түрлерінен бірнеше сайыс өтеді. Одан бөлек, «Ауыл күнін» атап өткен өлкелерде де төл спортымыздың байрағы желбіреп, қызу сайыс өтеді. Бұл дегеніміз спорттың аталмыш саласының өрісінің кеңейіп келе жатқанын аңғартады.

Маусым айының 30-ы мен шілденің 1-і күні

ардагері Ж.Жандығұлов, сондай-ақ, ұлттық спорт түрлерінің облыстық федерациясының өкілдері арнайы қатысты. Шараның шымылдығын құттықтау сөзімен түрген аудан әкімі Р.Айткөкеновты облыс спортшыларының басын бір арнаға тоғыстырған спорттық бәсекенің ашылу салтанатымен құттықтап, барлық қатысушыларға сәттілік тіледі. Ел ағаларының ақжарма лебізінен кейін «Тоқырауын толқыны» халықтық ән-би ансамблі және «Балбырауын» би ұжымы арнайы әзірлеген концерттік бағдарламаларын паш етіп,

ән-жырдан шашу шашып, мың бұрлып би билеп, көрермен қауымға мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Осылайша ұлттық ат спорты байқауы бастау алды. Бірінші кезекте білекті де жүректі жігіттердің сайысы – көкпар ойыны болып өтті. Ауыздығымен алысқан арғымақтарға тақым артқан сайдың серке тасындай жігіттердің арасындағы серкеге деген талас тартысты өтті. Бұрнағы жылдардай емес, барлық өңірдің көкпар сүйер азаматтары басы қайым, ұшқан құсты ауызымен тістейтін, есік пен



(Қарқаралы ауданы) III орынды иемденді. Сонымен қатар, аударыспақ сайысында жалпы командалық есеп бойынша I орынды Шет ауданы, Қарқаралы ауданы II орын, Ақтоғай ауданы III орынға қол жеткізді. Осылайша екі күнге ұласқан ұлттық ат спорты додасы өз мәресіне жетті. Жұлделі орынға ие болған барлық команда мен спортшыларға ақшалай сыйлықтар тарту етілді.

Е.АЙТЖАН.

Ахаң және «Қазақ» газеті

XX ғасырда Ресей империясында ұлттық-либералдық демократиялық қозғалыс өрістеді, монархиялық Ресей конституциялық жолға, экономикасын жаңғыртып, еуропалық ізге сала бастады. Қазақ зиялылары ресейлік жаңа реформаторлық буынының бір тармағы есебінде бой көтерді.

Сол кезде ұлт-азаттық қозғалысының бірден-бір көсемі болып Әлихан Бөкейханов шықты. Ол еуропалық тәрбие алған, еуразиялық деңгейдегі энциклопедист-ғалым, қоғам қайраткері еді. Әлихан қазақ сахарасындағы ұлт-азаттық қозғалысын еуропалық демократиялық, конституциялық, парламенттік күрес жолына салды. Ахмет болса, ұлт-азаттық қозғалысына гуманистік, ұлттық сипат берді.

Ахаң отаршылдықтың озбыр саясатына қарсы халықты ояту үшін халықты ағартудан басқа жол жоқ екенін, надандықпен, қараңғылықпен күресу керектігін толық түсініп, бар ғұмырын осы жолға арнады. Ол күрескен кесапаттар – надандық, қараңғылық, отаршылдық, ұлттың азуы мен тозуы, таланған жері, қансыраған тілі, жансыздана бастаған діні, орыстандырыла бастаған ділі болды.

Қазақ зиялыларының Әлихан, Ахмет бастаған тобына тән басты бағыт отаршылдыққа қарсылық еді. Ал бұл бағыт барша халықтың мүддесіне сай болатын. С.Сейфуллин 1923 жылы 30 қаңтарда «Ахмет Байтұрсынов елуге толды» деген мақаласында: «Байлардан бөліп жарлы тобының ғана намысын жыртып, арын жоқтаған жоқ. Қазақ халқын байға, кедейге бөлмей, намысын бірге жыртып, арын бірге жоқтады», – деп әділ көрсетті (М.Қозыбаев. «Тұлғалар тұғыры». А., 2009.190-б.). Бұл бүкіл ұлттың азаттық майданы еді. Ахмет Байтұрсынов қазақ зиялыларының рухани көсемі санатында 1913 жылы ұлттық бейресмилік «Қазақ» газетін шығарды.

«Құрметті оқушылар» атты кіріспе мақалада Ахаң газетті «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп анықтай келіп,

оның «жұртым» деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап..., қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады», – деген тұжырымы арқылы газеттің қоғамда алатын орнын,

әлеуметтік күшке айналып отыруы А.Байтұрсыновты жалпықазақтық деңгейдегі қоғам қайраткері дәрежесіне дейін көтерді.

Аханның осы газет бетінде айтқан кейбір пікірлеріне ой жіберейік: «...әр халыққа керегі – өз

лақап атымен, «Қазақтың тарихы» атты тізбекті мақала жазды. Сонда «Алаш» – Отан кісісі, өз елінің патриоты деген мағынаны білдіреді» деп түсініктеме береді. Ең маңыздысы, автор «бұл қазақты бір ұлт ретінде

көздейді. Өз парламенті бар, өз Президенті бар, өзін-өзі билеу құқығы бар. Бұл республика суверенді (егеменді) территориялық автономия болатын. «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы «Қазақ» газетінің 1917

жұрт қызметіне кіріс! Алаштың басын қорғауға қам қыл!» (21 ғ. «Алаштың Ақ жолы». А., 2021. 211-б.). Ұлт азаттығын тағдыр тандауы деп түсінген Алаш қайраткерлері аса ауыр саяси-әлеуметтік жағдайда қалың қазақ қауымының ар-намысын оятып, санасына азаттық жайлы ой ұрығын бекітіп, оны ел бола аласың деп сөндіріп кеткен.

«Қазақ» газетінің жарық көруі – қазақ ұлтының көрнекті қайраткерлері Міржақып Дулатұлы, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейхановтардың тынымсыз еңбек, риясыз күресінің нәтижесі. «Қазақ» газетінің тікелей дайындығының ауыртпалығын көтергендер – Мұстафа Оразаев пен Ахмет Байтұрсынов.

М.Дулатұлы: «Публицист ретінде А.Байтұрсынов ешқандай қаражат қоры болмаса да, 1913 жылдың басында Орынборда шын мәніндегі тұңғыш қазақ газеті – «Қазақтың негізін қалап, оның бетінде қазақ халқының мұң-мұқтажын бағыл сөз етіп отырды», – деп мақтанышпен жазды. (Ө.Әбдиманұлы). Оянған сана үшін айналған газет өз тұсында ең көп таралған басылым болды. Оның 265 нөмірі жарық көрді. Кейбір нөмірлерінің тиражы 8 мың дана болып шыққан екен (Қ.Өскенбаев).

Мұхтар Әуезов 1913-1918 жылдары шыққан «Қазақ» газетінің кезеңін «Қазақ» газетінің дәуірі деп атады. Ұлт ұстазы 50 жасқа келген күні Мұхан: «Қазақтың еңкейген көрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп..., етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын. Ол газеттің жаны кім еді? Ішіндегі қажымайтын қайрат, кемімейтін екпін кімнің екпіні еді? Ол екпін... Аханның екпіні еді. «Қазақ» газетінің сол заманынан бері қарай талай өмір өткен сияқты. Бұл уақыттың жылдап, саусақпен санағандай аз жыл болса да, болып өткен оқиғаларына қарағанда көп заманға жауап ұратын толқынды заманның бірі», – деп көрсетті. (А.Байтұрсынов. «Ақ жол», 17-18-б.).

Ерғазы ҚАДАШҰЛЫ,
тарихшы.
(«Орталық Қазақстан» газетінен алынды).



оның саяси маңызын барынша айқындап берді. («Қазақ» газеті. А., 1998. 10-б.). Басылымның «Қазақ» аталуында екі түрлі мағына барлығы аңғарылады. Біріншіден, газет жалпыұлттық газет болғандықтан, мақсаты – жері бөлшектеніп, елі бытырап жүрген қазақ халқын топтастырып, бір ортаға біріктіру болғандықтан да, ұлт атын иемденіп, «Қазақ» аталды. Екіншіден, кітаби, ғылыми, әдеби айналымда қазақ атының өзі аталмай, қырғыз аталып келгендігі белгілі, сондықтан туған халқының төл атын қайта оралту мақсатында қазақ зиялылары өз баспасөзін осылай атауды мақұл көрген. Аханның өзі атау жөнінде: «Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың әуақты аты деп, газетіміздің есімін «Қазақ» қойдық», – дейді («Қазақ» газеті. 11-б.).

А.Байтұрсынов шығарып тұрған «Қазақ» газетінде 1913 жылдан 1918 жылға дейін қазақ қауымының алдында тұрған бірде-бір саяси-әлеуметтік, мәдени-әдеби мәселе көтерілмей қалған жоқ десе де болады. Газет бетіне ұлттың мәні бар зәру мәселелердің дер кезінде көтеріліп, қоғамдық пікір туғызу арқылы

діні, тілі, жазуы сақталу...Әуелгі үш жылда балалар кілең қазақша оқуы керек... Бастауыш мектепте кілең қазақ тілінде үйрететін нәрселер: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрапия, шаруа – кәсіп, жаратылыс жайы»; «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы...», «Әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек...», «Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді...». (Д.Ысқақұлы). Бұлар күні бүгінге дейін маңызын жоймаған, халықтың келешегін ойлаған әрбір азаматтың есінде жүрер өміршең пікірлер. Газет 1917 жылы шілде айында дүниеге келген ұлттық-демократиялық партияны дайындауда саликалы жұмыстар атқарды. Партия Ресейде 1917 жылы ақпан революциясы жеңіске жеткеннен кейінгі елде орын алған саяси хал-ахуал берген мүмкіндіктер жайында 1917 жылы 12-26 шілдеде Орынбор қаласында өткен бірінші бүкілқазақтық съезде құрылды. Бұл партияға «Алаш» деген ат берді. Ә.Бөкейханов «Қазақ» газетінің 2-7 сандарында «Түрік баласы» деген

ұйығатын идея» деп атады (С.Аққұлы).

«Алаш» идеясы – қазақ халқының дербес мемлекеттік, тәуелсіз ел болуға деген XX ғасыр басындағы Алаш қайраткерлерінің ұлттық идеясы. Бұл жерде осыған дейін қазақ халқының тәуелсіз ел болуға ниеті болмады ма деп қате түсінбеу қажет. Өйткені, бұл ғасыр қарумен емес, білім мен ғылым арқылы ұмтылған ағартушылық бағыттағы идея болды. Алаш – ұлттың өзін бөлінбес тұтас жер, яғни территория ретінде сезінуі. Өзіндік мемлекеттік шекарасын заңды тұрғыда бекітуге ұмтылған Алаш азаматтарының идеясы. Алаш – қазақ халқының Еуразия материгінде өзіндік орны бар ел ретінде өз еншісі мен үлесін анықтау идеясы.

Съезд өткеннен кейінгі екі-үш ай бойы оның шешімдеріне сәйкес, Ахаң «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасын жасау ісіне белсене қатысты. Ахмет, Әлихан бастаған топ Қазақстан тағдыры Ресей елімен тамырлас екенін пайымдалы, демократиялық Ресей құрамында конституциялық жолмен республика болуды

жылы 26 қарашадағы санында жарияланды. Онда «Алаш» партиясының мемлекеттік құрылыс, жергілікті бостандық, жер, дін, сот, оқу-білім мәселелері жөніндегі мақсат-міндеттері тұжырымдалды. Олардың басым көпшілігі жаңадан орнап жатқан Кенес өкіметінің аталмыш мәселелеріндегі үрдістеріне қайшы келетін еді.

Алаш кезеңінде, әсіресе 1917-1918 жылдарда жарық көрген баспасөз материалдарында қалың қазақ елін жұрт болуға, алауыздықты ұмытуға, бірлесуге үндеген тілек көп жазылған. Мысалы, «Қазақ» газетіндегі мақалалар былай аяқталған: «Кейінгі ұрпақ не алғыс, не қарғыс бере жүретін алдымызда зор шарттар бар! Осыны аңғар жұрттым, қазақ!», «Жұрттық қылындар, тиындамандар!», «Жастар, жұртшылар, өз бетімен іске кіріс!», «Алаштың ар-намысын жібермейік десек, жұрт, жұрттық қыл», «Алаш туын көтеретін, жұрттығымызды көрсететін, теңдігімізді алатын, ұранымызды шақыратын күн туды. Алаш! Алаш!», «Ақсақал аға, азамат іні, отбасы араздық дауды қой, бірік,

Еңбек адамы



– десең, өзіңе: "Сен не ақымақсың ба?" – деп қарсы сұрақ қояды. Сен "жоқ" десең: "Ақымақ болмасаң, бір тасың артық, ақырында бәрібір жеңіске жететінің анық қой. Уақыт алып, ойынды босқа созғаннан не пайда?" – дейді. Еріксіз Ерекеңнің бұлтартпайтын уәжіне төнті болып, қолын қысасың.

Ерғалы Ғаниоллаұлы жұмыс бабында ымырасыз. «Айттым – бітті, кестім – үзілді» деп, өз ұстанымынан айнымайды. Нағыз "қисық" адам (қисықтық жағынан өзіміз де қамшы салдырмаймыз, қара шалдырмай). Кісі болатын жерде кісі де, кішік болатын жерде кішік те бола біледі. Саналы ғұмырын арнаған қызмет саласы бір кездегі сесі басым – СЭС саласы. Кейінгі он бес, жиырма жылдың мұғдарында сол аты мен атауы әлденеше ауысқан санитарлық тазалықты бақылайтын мекемені басқарды.

Нақты ресми деректі сөйлетсек,

бұрын-соңды жарияланбаған суретін ұшырастырыпты. Аталмыш суреттен Ерекеңнің көзі бірден таныс бейнеге түсіп, айранасыр болады. Өйткені, суретте Баукеңнің сол жағында отырған адам өз әкесі Ғаниолла ақсақал болатын. Ерекең: "Ертеректе әкейдің Баукеңмен кездескендігі турасында айтқаны еміс-еміс есімде. Бірақ, ол кезде бір жағы жастық, бір жағы жұмысбастылық бар. Әкейдің ол сөзіне аса мән бермешпін. Мына суретті көргенде барып, әкейдің әңгімесі есіме түсіп отыр", – деп бармағын шайнап отыр.

Жоғарыда әңгімемізге арқау еткен "қисық" адамның бірегейі Баукең болғанын бәріміз жақсы білеміз. Қисық қоғамда адал адамның түзу адам атануы екіталай. Естіп білуімізше, Баукең ана-мына адаммен суретке түспек тұрмақ, сөйлесе де бермеген ғой. Бірге суретке түскеніне қарағанда, Ғаниолла ақсақал Баукеңе ұнап

(құжаттарға) ықтиятты, заңзүкінге де жітік. Сондықтан, Ерекеңнің жұмысынан кемшілік іздеп сүріндіре алмайсың. Орынсыз ұрынып, соқтығысқан басшылықпен де төжікелесіп жатпайды. Өзіне-өзі сенімді. Кімге болмасын дәлелмен, дәйекпен тойтарыс береді.

Жалпы, қазақта тек, негіз деген ұғымдар бар. Міне, Ерекеңнің әке жағынан да, шеше жағынан да шыққан тегі, негізі мықты. Екі тараптан да шыққан аталары ел билеп, төрелік айтып, болыс болған жандар. Ғаниолла ақсақалдың кіндігінен тараған ұл-қыздарының барлығы әр салада әртүрлі мамандықтың тізгінін ұстап, абыройға бөленіп жүр. Олардың барлығының есім-сойын тарқатып, таратар болсақ, құлашты ұзаққа сермейміз. Ерекеңнің әкесі мен анасының көзін көрдік. Рәш шешеміз етек-жеңі кең пішілген,

ЕҢБЕГІ ЕРЕН ЕРЕКЕҢ

Қолыңа қалам алған кезде жазатын кейіпкеріңнің кісілік кескін-келбетін, кәсіби білік-білімін, адами қасиет-болмысын, мінез-құлқын қаз-қалпында сомдағанға не жетсін. Жалпы, мына қым-қуыт өмірде кісінің ала жібін аттамайтын, жан баласына қиянат жасамайтын, біреудің сыртынан ғайбат айтпайтын, адами қалыптан айнымайтын, қызметтік әдептен аттамайтын, тура, түзу жүретін адамдар сирек те болса ұшырасады. Бірақ, ел ондай адамдарды кей-кейде "қисық" деп те жатады. Қисықтығы сол, ондай жандар заң мен тәртіпке жүгініп, әркімнің ыңғайына жығыла бермейді. Қазіргідей бәрін тамыр-таныстықпен шешетін шақта ел ішінде ондай "қисық" жандардың барына қуанасың. Ақтоғайда да ондай "қисық" жандар жетіп артылады. Мен білетін ондай "қисық" адамның бірі, қырық жылға жуық СЭС деп аталатын мекемеде еңбек етіп келе жатқан – Ерғалы Ғаниоллаұлы Шарбеков.

Ерекең – интелектісі жан-жақты дамыған, ақыл-парасаты басынан артылып жататын адам. Қолы қалт еткенде "Сөзжұмбақ" шешіп, дойбы, шахмат ойнайды. Оқығаны, оқығанынан тоқығаны мол. Қай тақырыпты болмасын таспадай тіліп, тарамыстай тарқатып ала жөнелгенде, аузыңды ашып, көзіңді жұмасың. Ерекеңнің алдында шешенсіп, көсемсіп шешіле сөйлеу үшін де үлкен парасат, білім, тіптен жүрек керек. "Қай тұстан ұстар екен, қай жерден сүріндірер екен" деп қарадай қыпылықтап, әр сөзіңді бағып, аяғыңды аңдап басысың.

Шахмат ойнағанда абайсыз бір тасын жегізіп алса, қолыңды алып, "жеңілдім" деп тұрып кетеді. "Ау, бір фигураға бола жеңіле саласың ба, ақырына дейін ойнамайсың ба?"

Ерғалы Ғаниоллаұлы Шарбеков Қарағанды мемлекеттік медицина институтында 1976-1982 жылдар аралығында санитарлық дәрігер мамандығы бойынша оқыған. Алғашқы еңбек жолын Ақтоғай аудандық санитарлық-эпидемиологиялық станциясы мекемесінде эпидемиологиялық дәрігер болып бастаған. Содан бергі аралықта Ақтоғай ауданынан табан аудармай, қырық жылға жуық аталмыш мекеменің басшысының орынбасары, басшысы болып қызмет еткен. Қызмет барысында өзін өз мамандығына адал, кәсіби білікті маман ретінде көрсетіп, соңғы 15-20 жылдың мұғдарында бірыңғай басшылық қызметте болды.

Сан талай жұмыс бабымен бірге жүріп, сапарлас болдық. Өзім деген адамға өзегін жұлып береді. Буынсыз жерге пышақ ұрып және мазанды алмайды. Иссапарға шыққанында күй талғамайды. Алдын ала хабарлап, "күтіп ал" деп елдің де мазасын алмайды. Көңілі қалған кісіден бойын аулақ ұстап, алыс жүреді. Бір сөзбен айтқанда, ұстанымына берік, кәсібіне адал. Ерағаңа жағынатындай қолында әкетіп бара жатқан кәсібі, кәсібі арқылы жиған нәсібі де жоқ. Бар байлығы – жанұясы, бала-шағасы, құлдырандаған немере, жиендері.

Қазақ "ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің" дейді. Ерекең зиялы отбасынан шыққан. Әкесі Ғаниолла ақсақал ойы ояу, санасы сергек, шырғалаңы мол шығармашылық саласында еңбек еткен, қақ-соқпен ісі жоқ, біртоға жан. Ол кісі де "тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ" деген принципті ұстанған жан еді.

Жуырда Ерекең ақпарат құралдарынан қазақтың хас батыры Баукеңнің (Бауыржан Момышұлы)

қалғанға ұқсайды.

Әлгі өзінде айттық, Ғаниолла ақсақал да Баукең секілді туралықтан танбайтын, бірбеткей мінезді адам болатын. Баукең соны ішкі түйсігімен сезіп, тап басқан секілді. Ерекең де осы туралықтан таймайтын мінезінен басшылық тарапынан талай құқайды көрген. Қиянатқа қарсы тұрып, әлденеше рет өз құқығын өзі қорғап, заңға жүгініп, жеңіп те шыққан.

Жалпы, кешегі кеңес кезінде болсын, бүгінгі тәуелсіздік жылдарындағы жүйеде болсын, өз ісіне адал жандардың жолын әділетсіздік әркез кесіп келген. Бәлкім, бюрократия нағыз кәсіби мамандардың жолын әлі де кескестеуі әбден мүмкін. Бәлкім, әділетсіздік салтанат құрған дүниеде пысықтар мен пасықтардың асығы алшысынан түсіп тұруы заңдылық та шығар.

Қырық жылға жуық бір салада тер төгіп, еңбек етіп, жергілікті билік тарапынан Ерғалы Ғаниоллаұлының бірде-бір рет мақтау естіп, бірде-бір рет марапатқа ұсынылмауы біздің сөзімізді растай түседі. Есесіне Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Алғыс хатымен, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі, Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Құрмет грамотасы, Қарағанды облысының тұтынушылардың құқығын қорғау комитетінің Алғыс хатымен, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Денсаулық сақтау ісінің үздігі" төсбелгісімен марапатталған. Еңбегі төменнен еленбесе де, Ерғалы Шарбековтің еңбегін жоғарғы жақ бағалап, марапаттан шет қалдырмапты.

Ерекең өз жұмысының қырсырын жетік меңгерген, қағазға

жаны жайсаң, ашық-жарқын көшпелі кісі. Өмірлік серігі Нұрған саналы ғұмырын өскелең ұрпаққа білім беру саласына арнаған ұстаз. Дүниеге ұл мен қызын әкелген аяулы ана.

Тоқсан ауыз сөзімізді тобықтай түйер болсақ, Ерекең үстіміздегі жылы зейнеткерлік жасқа жетіп, қызметін өз еркімен босатып берген. Алайда, білікті маман далада жатпайды. Керек. Өкінішке орай, қазіргі қоғамда білімді, білікті, тәжірибесі мол маманды "зейнет жасына жетті" деп, қызметтен шеттетіп тастайтын әдет тапты. Және басшылық қызметке қоярда ешкім "өрең жете ме, тәжірибеге бар ма?" деп те сұрамайды. Құдай-ау, күш-қайраты тасып тұрса, білікті маманды зейнет жасына жеткеніне қарамастан (денсаулығы жарамай, қабілеті жетпей жатса дау жоқ) неге пайдаланбасқа?! Одан ұтпаса, ешкім ұтылмас еді.

Міне, облыстағы сала басшылығы біздің осы ойымызды көріпкелдікпен тап басып оқып қойған сыңайлы. Осы мақаланың соңғы нүктесін қояр тұста Ерғалы Шарбеков мына бір «ащы ішектей шұбатылған» мекеменің, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті "Ұлттық сараптама орталығы" республикалық шаруашылық жүргізуге құқылы мемлекеттік кәсіпорнының Қарағанды облысы филиалының Ақтоғай бөлімшесінің меңгерушісі болып қызметке тағайындалыпты. Ерекең бәрекедді, іске сәт дейміз.

Мүсіркеп СЕЙДАХМЕТ,
Қазақстанның
Құрметті журналисі.



Ғасырдың үнін, асылдың мұңын жеткізген...

«Екі ішектің бірін қатты, бірін сәл-пәл кем бұра,
Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра!
Былтң келсе біздің жайды, содан сұра тек қана:
Одан асқан жоқ шежіре, одан асқан жоқ дана!».
Қадыр Мырза-Әлі.

басы жеке архивінде сақтаулы тұрған жеделхаттың көшірмесі растайды. РКФСР ағарту комиссары А.Луначарскийдің Семей халық ағарту бөліміне жіберген хабарламасында «Алаш қаласы, Шығыс көшесінде тұратын қырғыз әншісі Әміре Қашаубайдың Парижде өтетін дүниежүзілік көрменің этнографиялық концерттеріне

«Париж апталығы» газеті мен «Лемюзикаль» журналы Әміренің сирек кездесетін талант екенін жазса, Сорбонна университетінің профессоры Перно фонографқа Әміренің орындауында бірнеше ән жазып алған. 1927 жылы Әміре Қашаубай Германиядағы Франкфурт қаласында өткен Дүниежүзілік музыка көрмесіне де,

Жүмекен Нәжімеденов
Майысып қос ішегіңнен күй өткенде,
Ой туар жүрек түгіл сүйектен де.
Домбырам, қайран менің, қайран менің,
Ризамын сені маған сый еткенге.

Қолтықтап көктем келсе жыр-сұлулды,
Ізіне жыр сұлудың гүл шығулы...
Мені де қойдың ақыр жұмбақ қылып,
Күлу мен үйреттің де курсінуді.

Сырласам көкірегіме сүйеп тұрып,
Жанымның жазығына күй ектіріп.
Ой, арман – екі ішегің болсын сенің.
Берейін жүрегімді тиек қылып.

...Күй екен мынау аққан бұлақ десек,
Бұлақтар таудан ғана туа десек,
Ал көне, бір тыңдайық домбыраны,
Төсіне туған жердің құлақ төсеп...

Илияс Жансүгіров

Тарт күйінді, домбыра!
Төгіл төгіл тәтті күй.
Тау суындай сылдыра,
Желпің, желпің, жел соқтыр!
Тауда тұман тұрмасың,
Көкте бұлт ыдыра!
Тыңдамаған қоймасың,
Ойды-қырды қылдыра,
Құлшына тарт, домбыра!
Екі желі, үш қазық,
Тоғыз нокта домбыра.
Ойнатайын он саусақ,
Құлындайын құлдыра.
Бозда-бозда, бота күй,
Қашағанды қудыра,
Құлшына тарт, домбыра!
Еңбек елдің күйшісі-ау,
Құлағымды қикулат,
Көңілімді қандыра.
Тәтті-тәтті күйге тарт,
Көргенінді күй қыла,
Құлшына тарт, домбыра!
Еңбек елдің жыршысы-ау,
Жанымды бір жадырат,
Көкейіме қондыра.
Тәтті-тәтті әңгіме айт,
Жаңа өмірді жыр қыла.
Шежіре, шешен, сұңғыла,
Құлшына тарт, домбыра!

Иса Байзақов

Қарашы, домбыраның еркесіне,
Исаның шығып алды желкесіне.
Домбыра – екі ішекті, тоғыз перне,
Арқаның кез болдың ғой серкесіне.
Толқынды топшымыңнан қақ айырып,
Өлеңнің мен жүзейін өлкесіне.
Самғайын қанатымды жел үйіріп,
Қонғандай Оқжетпестің өркешіне.

Қадыр Мырза Әлі

Баба қазақ кебісті
Тас қапасақ өшікті.
Іздеймін деп кеңістік,
Көңің тастап көшіпті.
Батыр қазақ қылышты
Белін қашан шешіпті?!
Іздеймін деп тыныштық,
Түзін тастап көшіпті.
Ақын қазақ
Азаптың
Берін тастап көшіпті.
Іздеймін деп азаптық,
Тауын тастап көшіпті.
Берін тастап
Осы күн
Жеткен ұлы мұратқа.
Домбыра мен бесігін
Тастамаған бірақ та!

Домбыра күні – ұлттың үні

Домбыра – көненің көзі, бабадан қалған асыл мирас. Ол – құнды қазына, ұлттық рух. Халқымыздың қадір тұтып, төрге ілген киелі аспабының құрметіне шілде айының алғашқы жексенбісі Ұлттық домбыра күні болып белгіленді.

Шілденің алғашқы жексенбісін ұлттық аспабымыздың төл мерекесіне айналдыру шешімі Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 12 маусымдағы №699 Жарлығымен қабылданған болатын. Жарлық ұлттық мәдениет пен бірегейлікті сақтау мен қайта жаңғырту идеясының төңірегінде қоғамды одан әрі топтастыруды көздеді.

Домбыра – қазақтың жаны, рухы, тарихы, салт-дәстүрі, бүкіл бітім-болмысы. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы арқылы ұлттық мәдениетімізді әлемге танытуға домбыра ерекше үлес қосады. Құрманғазы мен Дәулеткерейдің, Тәттімбет пен

Сүгірдің, Қазанғап пен Динаның күйлері – төл мәдениетіміздің бірегей үлгілері.

Домбыра күнінің ұлттық мерекеге айналуы – көнеден жеткен рухани байлығымызға берілген лайықты баға. Сондықтан, ұлттық мәдениетімізді әлемге асқақтататын қасиетті аспаптың ұлықталуы заңдылық.

Ұлттық аспабымызды төрткүл дүниеге алғаш танытқан Әміре Қашаубай 1925 жылы Париж төрінде ән салып, Еуропа халқына мәдениетімізді паш еткен еді. Сәндік өнер мен көркемдік өндірістің халықаралық көрмесіне қандасымыздың қатысқанын Ел-



Мәскеу этнографиялық концерттеріне де қатысады. Елбасы кітапханасында сақтаулы тұрған сурет 1927 жылы Мәскеуде түсірілген. Суретте құрамында Әміре Қашаубай болған алғашқы Қазақ драма театрының труппасы орыс композитормен бірге отыр. Дәл осы кезеңде Александр Затаевич Әміренің әншілік өнеріне тәнті болып, одан «Балқадипша», «Дударай», «Бес қарагер», «Көк көбелек», тағы да басқа әндерін жазып алады. Кейін олардың тізімін Затаевич «Қазақтың 500 әні мен күйі» жинағында жариялады.

«Кең даланы мекен еткен қазақ жұртының ең аяулы да қасиетті музыкалық аспабы домбыраның бірде күмбірлеген, бірде шертілген ойлы дыбысы құлаққа жағымды, жүрекке жақын, оның күмістей сынғырлаған үні

қатысу ниетін жедел анықтап, жауабын жедел хабарлауды сұраймын. Әншінің жолы мен жататын жері төленіп, қаламақы беріледі. Сапар 15 маусымнан 15 шілдеге дейін созылады. РКФСР халық ағарту комиссары Луначарский» делінген.

«Бес қарагер», «Балқадипша», «Смет», «Дударай», «Қараторғай», «Қызыл бидай» сияқты көптеген қазақ халқының әндері Еуропа сахнасында тұңғыш рет шырқалды. Олардың қатарында болған «Ағаш аяқ», «Қанапия», «Жалғыз арша», «Үш дос» әндерін орындағаны үшін Әміре Қашаубай көрменің екінші сыйлығы мен күміс медалін иеленді.

талай сырдың басын қайырады. Сымдай тартылған қос ішектен сан ғасырдың сан алуан сипаты, ақыл-ойы, көңіл-күйі жатыр. Домбыра – көпшелі елдің көнекөз шежіресі, көпті көрген қарияның көкірек күйі», – дейді Ахмет Жұбанов. Белгілі қазақ композиторының қанатты сөздері күмбірлеген қара домбыраның сан ғасырлық тарихын әспеттесе керек.

Оның үстіне қазіргі уақытта ұлттық аспаптың заманауи музыка ырғағымен үйлесімді үндесіп жатқанын назарға алсақ, домбыра ғұмыры әлі талай ғасыр жасайтынын аңғаруға болар.

(Материал Интернеттен алынды).

«Алтын домбыра»

Швейцарияның сағат шеберханасында домбыра жасап шығарылғаны баршаға мәлім. Шетелдік шеберлер қазақ домбырасының жаңа, механикалық үлгісін жасап отыр.

Басқанда әуез шығаратын 72 тетіктен тұратын бірегей бұйым тек ұлттық өнерді орындайды. Домбыра қолымен тартуға келмейді, швейцариялық мамандар оған музыкалық механизм орнатқан. Ол қазақтың «Аққу» күйін, «Желсіз түнде жарық ай» және «Үш коңыр» әндерін ойнап береді.

Домбыраны әзірлеуге бір жылдай уақыт кеткен. Алтынмен апталып, гауһармен өрленген домбыраның құны 50 мың еуроны

құрайды. Оған барлығы 24 қаратты гауһар тасы бар таза алтын пайдаланылған. Ұзындығы – 100 см, ені – 25 см. Домбыраны әзірлеуге бір жылдай уақыт кеткен. Ою-өрнектердің пішінін отандық дизайнерлер әзірлеп, шетелдік мамандар жасаған. Жоба авторы Вольдемар Айфельдтің айтуынша, домбыраны жасауда оның ұлттық сипатын жоғалтпауға тырысқан. Ұлттық нақыштағы бұйымдарды шығарумен айналысатын компания болашақта дәл осындай кобыз шығаруды жоспарлауда.



Сатылады

Косилка КТП-4 – 1 550 000 теңге
 Косилка КТУ-6 – 2 600 000 теңге
 Грабли ГПГ -4,5 м – 700 000 теңге
 Грабли ГПГ -6,5 м – 800 000 теңге
 Жеткізіп беру тегін
 Субсидия алуға барлық құжаттар
 ұсынылады.
 КАСПИЙ арқылы бөліп төлеу бар
 Тел.: 87013680513, 87017292851

Жарамсыз деп танылсын

Қусак ауылдық округінің тұрғыны, «Нұр» шаруа қожалығының жетекшісі Батталов Нұрқабыл Өміржанұлы ЖСН 820822350482 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Миника 1102 Ф» маркалы, заводтық нөмірі 1482205, шыққан жылы 2007 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Қарабұлақ ауылдық округінің тұрғыны, «Байдәулет» шаруа қожалығының жетекшісі Рыскулова Зина ЖСН 450506400169 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «ЭКР 2102 Ф» маркалы, заводтық нөмірі 1271128, шыққан жылы 2001 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Қарағанды облыстық филиалының «Қазпошта» АҚ-на берілген БИН 991141005531 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «ЭЛВЕС-МИКРО-Ф» маркалы, заводтық нөмірі 00166750, шыққан жылы 2011 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Қарамеңде би ауылдық округінің тұрғыны, «Дархан» шаруа қожалығының жетекшісі Тапаев Галымхан ЖСН 601016301251 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Меркурий 115 Ф» маркалы, заводтық нөмірі АА00478051, шыққан жылы 2004 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Қарабұлақ ауылдық округінің тұрғыны, «Моншакбай» шаруа қожалығының жетекшісі Қосыбай Мақсат ЖСН 940420350868 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Меркурий 180 ФКЗ» маркалы, заводтық нөмірі 000010165763, шыққан жылы 2013 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.


Жидебай ауылдық округінің тұрғыны, «Төлеген» шаруа қожалығының жетекшісі Канафина Жакия ЖСН 490201450618 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Меркурий 115 ФКЗ» маркалы, заводтық нөмірі 000001219840, шыққан жылы 2012 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Абай ауылдық округінің тұрғыны, «Абитай» шаруа қожалығының жетекшісі Абиатаев Еркіннің ЖСН 750208350270 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Меркурий 115 Ф» маркалы, заводтық нөмірі АА00265884, шыққан жылы 2002 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Құрметті оқырман!

«Ақтоғай ажары» газетінің сайттан да оқыңыз!
<https://aqtogaiajary.kz/>

Жаңалықтан құр қалмаңыз!



ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алтыналмас АҚ» АҚ «Долинное» кен орнында әрекет ету салдарын жою жоспарын (бұрын орындалған жобаны түзету) жария талқылау түрінде «Бірыңғай экологиялық порталында» (БЭҚ) қоғамдық тыңдаулар өткізетіні туралы хабарлайды. Жария талқылау кезеңі: 20.07.2023-03.08.2023 ж.ж. Жоба бойынша деректер <https://ecportal.kz/> сайтында 10 жұмыс күні бойы қолжетімді болады. Тапсырыс беруші және жобалық құжаттама жасақтаушы – «Алтыналмас АҚ» АҚ, БСН 950640000810. Заңды мекен-жайы: ҚР, Алматы қ., Республика алаңы, 15. Қосымша ақпаратты Svetlana.Rozhmanova@altynalmas.kz электрондық поштасы немесе +7 771 713 08 79 телефон нөмірі арқылы алуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «АК Алтыналмас» сообщает о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений на Едином экологическом портале (ЕЭП) по Плану ликвидации последствий деятельности месторождения «Долинное» (корректировка ранее выполненного проекта). Период публичных обсуждений: 20.07.2023г.- 03.08.2023г. Проектный материал будет доступен в течение 10 рабочих дней на сайте <https://ecportal.kz/>

Заказчик и разработчик проектной документации - АО «АК Алтыналмас», БИН 950640000810. Юридический адрес: РК, г.Алматы, площадь Республики, 15. Электронный адрес и номер(-а) телефона, по которым можно получить дополнительную информацию: Svetlana.Rozhmanova@altynalmas.kz, тел.8771-713-08-79

АБ

Еске алу



Бозала таңмен бірге боздаған көңілдегі қайғылы күйдің қыл пернесі жүректі шымшып, сағынышка айналғалы қашан?..

Кешегі көктемдей дүркіреп, найзағайдай күркіреп өткен, жарық жұлдыздай аққан кластасымыздың орнын мың жазып, мың жырласақ та толтыра алмаспыз. Мына жалған дүниеден жақсы да өтеді, жаман да өтеді. Бұл – өмірдің бұлтартпас заны.

Камал кластасымыз есімі қандай болса, өзі де нағыз атына заты сай азамат еді-ау... Осыдан 10 жыл бұрын қыптымыр қыстың аязында ажал арамыздан мезгілсіз алып кетті. Талай сауалды мезгіл тасқыны ағызып әкеткенімен, Камалға деген сағыныш сезімі ойымыздан кетпей, көңіліміздің бір түбіне бекініп алды. Құстай ұшқан уақыт зымырап өте шығып, көзді ашып жұмғанша 10 жыл да өте шығыпты. Уақыт жылжуын тоқтатпаса, әлі талай қызыл сөздің тізгінін жіберіп, сені еске алармыз, Камал!..

Жақсы адамға жетпейтіндей еш алып, Бақытынан қалмас пенде кеш қалып. Отырмыз біз сағынышты сезіммен Ерденұлы Камалды еске алып. Рухың үшін шертілсе де дара жыр, Бұл әлемге сыймас адам жаны асыл. Арамыздан өзінді алған сұм ажад, Көп көрді ғой әке-шешендей жанды жанашыр. Кім ойлаған лаулаған от өшеді деп, Кім ойлаған ерте өмірден «көшеді» деп. Құрдасымыз ортамызда болмаса да, Еске алу – тірілерден ізет тек. Кетпес мәңгі жарқын бейнәң көңілдең, Ерте кеттін, жастай кеттің өмірдең. Зымырап 10 жыл да болып қалыпты-ау, Орын алғалы мәңгілік мекеніңнен. Құрдас едің ақ көңілі ту еткен, Жарқын бейнәң көкіректе түлеткен. Бүгін сенің рухыңды дәріптеп, Еске аламыз сағынышты жүректен. **Сағына еске алушылар: сыныптастары.**

Еске алу



Ардақты бауырымыз, асыл жар, балаларының асқар тауы – **Қантбек немересі, Ерденұлы Камалдың** фәни дүниеден бақилыққа аттанғанына 10 жыл болды. Сұм ажалдың жұлдыздай жарқырап, ақылды да зерделі азамат болған шағында Камалымызды ортамыздан ерте алып кеткені жанымызды жабырқатып, жүрегімізді де жаралап кетті. Десе де, Алланың ісіне көнбейтін пенде жоқ.

Камал ерекше бауырмал, үлкенге ізет білдіріп, кішіге қамқор болып жүруші еді. Елгезек мінезімен елге танылды, көптің көңілін таба білді. Енбекке ерте араласты. Бауырымыздың жарқын бейнесін, мейірімді әрі жылы жүзін, ақ көңілі мен енбекқор болмысын әркез еске аламыз да, жатқан жерін жайлы, топырағын торқа, жанын жәннатта болсын деп дұға бағыштаймыз.

Нұрлы бейнәң есте қалар мәңгілік, Дауысын да құлақта тұр жаңғырып. Арамызда жоқтығыңды білсек те, Келетіндей арман мәңгі сан үміт. Еске аламыз Құран оқытып, бар ма шара, Әрдайым есімізде тұлған дара. Мәңгілік жұмақ болсын төрін, әке, Демекпіз бір Алладан тілеп дұға!

Ардақты бауыр, асыл әкәні еске алушылар: әжесі – Шәкіман, бауырлары, балалары – Айзере мен Айғаным, жары – Динара.

Дүниеден озғанына 10 жылдық еске алу асы 9 шілде сағат 13.00-де Ақтоғай ауылы, «Ақсоран» мешітінің асханасында беріледі. Сол күні сағат 15.00-де еске алуға арналған қазақша күрес турнирі спорт мектебінде өтеді.

Еске алу



Сағынышпен баламыз **Мұрат Мақсатты** еске аламыз. Ата-ана, бауырларының жүрегінде аңғал да мейірімді кейпінде сақталып, сұлу бейнесін мәңгі көз алдымызда қалдырып кетеді деп кім ойлаған?! Тумысынан ақжарқын, пейілі кең құлыншағымыз Мақсатымыз егерде тірі болғанда маусым айының 26 жұлдызында 25 жасқа келер еді. Өмірде көргенің көретіні көп шағында ортамыздан мәңгілік мекеніңе кетеді деп кім ойлаған. Осынау бір сәттік өмірде жалт етіп сөнген жасын тағдырлар аз ба?! Жарқылдап кіріп келердей есікке елендеумен күндер зымырауда.

Алла салды басымызға сынақты, Жиі еске алсын деп пе жылатты. Қайғысы мен қызығы көп, өмір-ай, Бірде көтеріп, бірде жығып құлатты. Нұрлы бейнәң есте қалар мәңгілік, Дауысын да құлақта тұр жаңғырып. Арамызда жоқтығыңды білсек те, Келетіндей арман мәңгі сан үміт.

Сағына еске алушылар: әке-шешесі – Данияр-Жанар, бауырлары – Ринат, Нұрилә, Дильназ, Айзере.

06 желтоқсан 2017 жылы Омаров Мухабил қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады. Тел.: 8 705 832 83 06.

Ұлттық қолөнер – тәрбие көзі

Ауыл – қазақтың рухани байлықтың алтын дінгегі. Бүгінде шаһар тұрғындарының тұла бойынан табыла бермейтін мейірімділік пен мәрттік, жанашырлық пен қамқорлық – сол ауылдағы ағайынға тән мінез. Әр халықтың өзінің ұлттық құндылықтары болатыны екі бастан белгілі. Ал қазақтың ұлттық болмысы тастан сарай салған, көлігі де, адамы да әрі-бері сабылған қаладан емес, даласы дархан, төскейінде төрт түлік өрген, шалап шайқап, аузы аққа тиіп отырған ауылдан табылады.

Кешегі құлдырау кездерінде ауылда тұратын халықтың дені «екі қолға бір күрек» таппаған соң үдере қалаға көшіп кетті. Сол бір оқшылықтың орны әлі күнге дейін толмай, салдарынан еліміздегі ауылдардың басым бөлігі аяғын ілбіп басып келеді. Ал қазақтың сақтап қалу үшін алдымен ауылдың отын өшірмеу керек. Керісінше, бойына қан жүгіртіп, жандандыру қажет.

Бұрнағы жылдары жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты ірі мақалада «Туған жер» бағдарламасын қолға алу ұсынылған болатын. Туған жерге деген сүйіспеншілік нәні білдіреді, жалпы, бағдарламаның мәні неде? Бірінші, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Аталмыш бағдарламаның шеңберінде ауылдық жерлерді көркейтуге арналған нәбір ілкімді жобалар жүзеге асып, «ауыл ажарымен айшықтанып» қалды. Оның ішінде, әсіресе, мәдени ошақтардың бойына қан жүгіріп, бір серпіліп қалды.

Өнер – адам баласының асыл қазынасы. Өнер өзін сүйген пендесіне нұры мен шуағын шашып, қуат бере алады деген түсінік бұрыннан бар.

«Мәдениет – халықтың ең үлкен рухани азығы. Бұл салаға көрінген көк атты келе бермейді. Халыққа мәдени қызмет көрсететін маманның өзі мәдениет пен білімді кемел игерген адам болуға тиіс» деп мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ мәдениеті мен руханиятын биікке көтерген І.Омаров мәдениет пен өнердің қоғамдағы орны туралы толғана айтқан болатын. «Мәдениетім – мәртебем» деп түсінетін дана халқымыз қашан да осынау биік құндылықтарды жоғары бағалайтынын жақсы

білеміз.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің кепілі» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында мәдениет қызметкерлерін қолдауға тиісті пәрмен берілді. Бұл туралы президент: «Біз мәдениет саласында жұмыс істейтін азаматтарға жеткілікті түрде көңіл бөлмей отырмыз. Бұл – ең алдымен кітапхана, музей, театр қызметкерлеріне қатысты мәселе. Олардың еңбекақысы соңғы жылдары мүлде көбейген жоқ. Соның салдарынан мәдениет қызметкерлері, әсіресе жас мамандар жеңілдігі бар тұрғын үй бағдарламаларына мұндай ахуал осы кәсіптің беделін түсіріп, лайықты кадрлардың тапшылығы сезілуде.

Келесі жылдан бастап Үкімет мәдениет қызметкерлерінің еңбекақысын көбейтуі тиіс. Сондай-ақ, білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы міндетті әлеуметтік жеңілдіктер мәдениет саласының өкілдеріне берілуі керек» – деп атап өтті.

Ел көлемінде жүріп жатқан осы тектес ауқымды іс-шаралар легінен біздің аудан қалысқан емес. Өңіріміздегі өнер саласында жемісті еңбек етіп жатқан мамандар мен мәдениет бөлімінің майталмандары өздерінің шама-шарқынша аудан мәдениеті мен руханиятын дамыту үшін атсалысып келеді. Жұртшылықтың көлеңкеде бұғып жатқан дарынын ашу үшін және ел арасында танылмай жатқан жас жұлдыздардың шамшырағын жағу үшін түрлі байқаулар ұйымдастырып, өнер өлкесіне қадам басқызады.

Биыл аудандық мәдениет бөлімі «Ауылым – алтын қазынам» атты фестивальдің жалауын желбіретті. Бұл шараның негізгі мақсаты – бүгінде ел ішінде ұмыт болып бара жатқан, екіншісі, егіздің сынары шұғылдана бермейтін ұлттық қолөнерді дамыту болып табылады. Халық шығармашылығын, ұлттық қолөнер дәстүрі бойынша өтіп жатқан сайысқа күні бүгінге дейін Ақжарық, Шабанбай би, Сарытерек, Қуаныш және Ақтас клуб үйлері қатысып, өз өнерлерін жария етті. Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің мамандары осынау сайыс алдағы уақытта да жалғасын табатынын жеткізді.

Е.Мұстафин.

Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы

Жұртшылыққа тиімді жәрмеңке

Қазақстан егемендігін уысына ұстағанына орда бұзар жыл ғана болғандықтан, дамыған елдердің қатарына ілігуге талпынған дамушы елдердің бірі. «Ақырын жүріп, анық басып» келе жатқан жас мемлекет. Сол себепті де біздің ел – өзге салалардан бөлек экономика саласының дамуына үлкен күш салып, басымдық беріп келеді. Үкімет ішкі экономиканың ілгерілеуі үшін сырт мемлекеттерден ірі көлемде инвестиция тартып, болашағынан үмітті үлкен жобаларға құйып жатқан жайы бар. Сонымен қатар, ел президенті Қ.Тоқаевтың мемлекеттік бағдарламаларды ұлттық жобаға трансформациялау жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында түрлі бағытта кешенді жобалар әзірленді. Соның бірі – кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы. Аталған жоба кәсіпкерлік белсенділікті арттыруға, кәсіпкерліктің өсуін жеделдетуге, сонымен қоса бәсекелестікті дамытуға бағытталған. Аталмыш жоба шеңберінде қысқа мерзімді оқыту курстары қазақстандықтарға сұранысқа ие мамандықтар бойынша оқу ошағында немесе жұмыс орнында оқуға мүмкіндік береді.



Біздің ауданымыз да кәсіпкерлік саласына келгенде құр алақан емес. Оған дәлел, жыл сайын үкімет тарапынан жеңілдетілген несие алып және қайтарымсыз гранттар алып, өз кәсібін ашып немесе бұрыннан бар шаруашылықтың өрісін кеңейтіп келеді. Бұл дегеніміз – өзге өңірлерді былай қойғанда өзіміздің ауданды түрлі өнімдермен тұрақты қамтамасыз етеді деген сөз.

Сөзімізге дәлел болсын, өткен жұмада аудан орталығында жұртшылыққа тиімді жәрмеңке болып өтті. Таңсәріден жәрмеңкеге жиналған қауымның қарасы қалың болды. Ақшаңқан шатырдың астында өз өнімін саудалаған кәсіпкердің тауарын тұтынушылар пышақ үсті бөліп алды. Жәрмеңке – қос тарапқа да қолайлы. Біріншіден, бұл арадағы баға нарықтағы бағадан әлдеқайда арзан. Сондай-ақ, табиғи. Ал, кәсіпкерлер болса бір келгенде артынып-тартынып келіп, қалталарын қомпайтып қайтады.

Құрбан айт мерекесі қарсаңында өткен жәрмеңкеде рожки, вермишель, сұйық май, қант, жұмыртқа, картоп, пияз секілді әлеуметтік маңызы бар тағамдар мен қырыққабат, сәбіз, алма, апельсин, банан және өрік, қара өрік, сүт, ет, сонымен қатар, сүт өнімдері саудаланды. Аталмыш шараның шеңберінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 53 пайызы қамтылды.

Жергілікті кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі мұндай жәрмеңкелер алдағы уақытта да өтетінін айтты.

Өз тілшімізден.

Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, құрметті Елебеков Қазтай Несіпбайұлы!



Сізді ақсақалдық жасқа жетіп, зейнет демалысына шығуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Деніңізге саулық, шаңырағыңызға шаттық, отбасыңызға амандық тілейміз. Алар асыларыңыз еш аласармай, әлі талай айтулы биіктерге қадам баса беріңіз. Алланың арайлап атқан әр таңы шаңырағыңызға нұрлы шуағын шашып, балаларыңыз бен немерелеріңіздің әр қуанышын қызықтауды нәсіп етсін. Әрдайым ақжарқына мінез, адал көңіліңізбен туған-туыс, дос-жарандарыңыздың арасында абырой-құрметке бөленіп, еңбегіңіздің зейнетін көре беріңіз. Өмірдің сарқылмайтын бар жақсылығын тілейміз.

Құтты болсын 63-ке толған жасыңыз, Жақсылық пен қуаныштан тасыңыз. Ел-жұртыңыздың ортасында аман-сау, Күліп-ойнап, жүзге келсін жасыңыз!

Ізгі ниетпен: Жарқынбаевтар әулеті.

Құрметті аудан тұрғындары!

Аудандық «Ақтоғай ажару» газеті редакциясында 3*4, 5*6, 10*15, А4, А3 форматтағы түрлі-түсті фотолар, отбасылық күнтізбелер, алғыс хаттар, мадақтамалар, букеттер, тойларға шақырулар, т.б. тапсырыс бере аласыздар!



Құрылтайшы: **ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА** Кезекші редактор: **Еркебұлан Айтжан**

Редактор үшін **Д.КАБЫЛ**

Меншік иесі: «Ақтоғай ажару» газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 1200 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81,

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

